

АЛТЫНСАРИННИҢ ЕКІ ӘҢГІМЕСІНЕ ЕКІ КАРТЫНА

Достар, аяғартушы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ыбырай кейіпкерлері қылқалам ұшында» жобасы жалғасып жатқанын қуана хабарлаймыз!

Жобаға белсене қатысып, шығармашылық жұмыстарын ұсынып жүрген жас суретшілердің ұстазы, дарынды суретші, бірнеше сайыстың жеңімпазы, Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі Жакишев Еркебұлан Маутханұлының еңбегіне табыс тілейміз!

Бұл шығарылымда Ыбырай атасының тағылымға толы, тәрбиелік мәні зор әңгімелерін оқып, шығарма кейіпкерлерін қағаз бетіне түсірген жас суретші, «ALASH ONER ORDASY» ұйымдастыруымен өткен «Халықаралық Махамбет, Абай және Мұқағали оқулары» өнер байқауының бас жүлдегері, Еркебұлан Маутханұлының шәкірті Әлмұратова Нұрайдың жұмыстарын ұсынып отырмыз.

Барша баланы Ыбырай Алтынсариннің габриятты шығармаларын бірге оқуға шақырамыз! Шығармашылық жұмыстарыңды Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының электронды поштасына (imo.odvub@mail.ru) жіберулеріңе болады.

Құрметпен, Қарлығаш ЖУНУСБЕКОВА,
ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» КММ жасөспірімдерге қызмет көрсету секторының жетекшісі.
Өскемен қаласы



жатырмын. Бәрі де өмірден алынған, тәрбиелік мәні бар, адамға ой саларлық шығарма. Соның ішінен маған ұнағаны – «Таза бұлақ» әңгімесі. «Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта» дегенді айтады.



Адам баласы кіршіксіз пәк, жандүниесі таза болуы керек, сол себепті картинада сылдырап аққан таза бұлақты бейнеледім.

Ыбырай Алтынсариннің «Бір уыс мақта» әңгімесінде әжесінің көреген, дана, парасатты жан екенін аңғаруға болады. Бұл шығармадан терең ой түйесің. Картинада әжесі мен қызының тәрбиелік мәні зор әңгімесін бейнеледім.



Нұрай Әлмұратова,
Балалар өнер мектебінің
11-сынып оқушысы:

– Ыбырай атамыздың көптеген шығармасымен, әңгімесімен танысып